

**«Балаларға музыкалық білім беру әдістемесі» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «02150400 – Хорды дирижерлау» мамандығы, 3W02110101 - Оқытушы, хормейстер біліктілігіне арналған «Балаларға музыкалық білім беру әдістемесі» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Қазақстандағы музыкалық тәрбие беру тарихы	1	Қазақстанда музыкалық тәрбиенің құрылуы.
		2	Балалар тәрбиесіндегі халық музыкасы.
		3	Музыкалық тәрбие беруде қазақ композиторларының, музыкант-оқытушыларының үлесі.
		4	Қазақстандағы музыкалық тәрбие берудің даму мәселелері.
2	Жақын және Алыс шетелдердегі музыкалық тәрбие беру тарихы	5	Музыкалық тәрбие берудегі әртүрлі оқыту әдістерінің авторлары.
		6	Атақты К.Орф, З.Кодай, Б.Тричков музыкант-оқытушыларының музыкалық жүйесі.
3	Музыкалық дамудың психофизиологиялық ерекшеліктері.	7	Білім алушылардың жас ерекшеліктері. Жалпы сипаттама.
		8	Бастауыш мектеп жасы, жасөспірім жасы. Мутация белгілері.
4	Музыкалық тәрбие беру мазмұнының негізгі элементтері	9	Мектептегі музыка тәрбиесі мен оқыту әдістері.
		10	Музыкалық белсенділіктің түрлері.
		11	Белсенділік түрлерінің музыкалық шеберлігі мен дағдылары.
		12	Музыкалық тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттері. НИМ музыкасы бойынша бағдарлама.
5	Балалар хор ұжымымен жұмыс істеудің әдістері	13	Хор ұжымының ұйымдастырылуы. Білім алушылармен вокалды-хор жұмысының қиындықтары.
		14	Әншілік мәдениетті тәрбиелеудің мақсаттары. Хор шығармаларын үйретудің әдістері.
		15	Көпдауыстылықпен жұмыс.
6	Орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы заманауи мектеп	16	Б.Блум таксономиясы бойынша білім алушылардың қызмет бағыттары.
		17	Блум бойынша білім алудың 6 деңгейі.
		18	Критериалды бағалау.
7	Музыка мұғалімінің музыкалық-педагогикалық қызметі	19	Музыка мұғалімінің басымдық кәсіби қасиеттері.
		20	Музыка мұғалімінің педагогикалық шеберлігі бойынша

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

«Балаларға музыкалық тәрбие беру әдістемесі» курсы музыкалық колледждерінің хорда дирижерлау бөлімдеріндегі оқу жоспарының маңызды мамандықтарының бірі болып табылады. Онда арнайы және музыкалық-теориялық курстарының білімдері қорытындыланады. Жүйеленген музыкалық-теориялық және әдістемелік білімдер мектептегі тәжірибелік жұмыс үшін қажет. Кәсіби деңгейдегі мәселелерді шешу:

- тарихи музыкалық, оқытушылық және дирижерлық хор дайындығына сүйену арқылы;
- балалармен, жасөспірімдермен жұмыс істеу әдістемесі мен формасы, ұйымдастыруы, мазмұны туралы білім арқылы;

- болашақ балалар хорының жетекшілерінің, мектеп, гимназия, лицей музыка мұғалімдерінің қажетті дағдылары мен қабілеттерін тәрбиелеу арқылы қол жеткізіледі.

«Балаларға музыкалық тәрбие беру әдістемесі» пәні бойынша тест құрылымы мен тапсырмасының мазмұны ғылыми және теориялық негіздерді қамтиды. Оқытушылардың білімін келесі тақырыптық жоспар бойынша бағалау:

Қазақстандағы музыкалық тәрбие беру тарихы – оқытушы-новаторлардың, оқытушы-музыкант-зертеушілердің, және де Қазақстан өнерінің көрнекті тұлғаларының музыкалық тәрбие беруді қалыптастыру мен дамыту туралы білімдерін қоса алғанда тарихи сипаттамадағы мәселелер қаралады.

Жақын және Алыс шетелдердегі музыкалық тәрбие беру тарихы – Золтан Кодай, Карл Орф, Борис Трещков композиторлары авторы болып табылатын музыкалық тәрбие беру жүйесінің мәселелері. Ресей оқытушы-зерттеушілерінің музыкалық тәрбие беруді оқытудың әртүрлі әдістері.

Музыкалық дамудың психофизиологиялық ерекшеліктері – бастауыш мектеп оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін білу, оқу жүйесін дұрыс құру мүмкіндігі, арнайы жас ерекшелігіне сай қажетті музыкалық оқу репертуарын дұрыс таңдау. Дауыс аппаратының ерекшелігі (қысқа әрі жұқа дауыс қатпарлары, аз сыйымдылықтағы өкпе). Жоғарғы баста дыбысталады, жеңіл сипатталады, «күміс» тембрі (әсіресе ұлдарда), бірақ тембрлік қанықтылық жоқ.

Музыкалық тәрбие беру мазмұнының негізгі элементтері – музыка сабағында (музыка тыңдалуы, орындаушылық, шығармашылық, музыкалық-теориялық) музыкалық белсенділіктің түрлері туралы білім. Оқу мен дамудың музыкалық әдістері. Музыкалық сабақ тәжірибесінде заманауи әдістерді иелену. Музыка сабағының типтерінің анықтамасы, сабақтың тақырыбына, мақсатына, музыкалық оқыту әдістеріне сай оның құрылымы; сабақта жұмыстың заманауи формаларын қолдану.

Балалар хор ұжымымен жұмыс істеудің әдістері – Хорда ән айту – музыкалық өнердің ең қолжетімді және массалық формаларының бірі. Музыкалық және эстетикалық құрылымы ретінде білім алушылардың эмоцияналдық және моральдық құрылымына әсер етуі. Хор сабақтарының әрекеттерінің көпфункционалдығы: ән айту, ырғақтық, би қимылдары, бейнелі эмоцияналдық, ақыл-ой жұмысы. Дауыс қоюдың жүйесі, көпдауысты ән айтудың жүйесі және вокалдық-хор шығармасымен жұмыс.

Орта білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы заманауи мектеп – Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты – баланың жеке басын өмірдің мәні ретінде тәрбиелеу. Білім берудің жаңартылған мазмұнының бағдарламасы бойынша білім беру әдістерінің ерекшеліктері – оқыту мақсаттарын таңдау және Б.Блум таксономиясы бойынша білім алушылардың қызмет бағыттары.

Музыка мұғалімінің музыкалық-педагогикалық қызметі – тиімділікті қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің болуы. Музыка мұғалімінің басымдық кәсіби қасиеттері. Музыкалық шеберлік, кәсіби ойлау, шығармашылық, шеберлік, кәсіби ұстаным. Музыка мұғалімінің педагогикалық шеберлігі бойынша «XXI ғасыр мұғалімі» атты халықаралық байқау.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Музыкальное образование в Казахстане.: Хрестоматия. Вып. II. /Составители: Р. Джердималиева, А. Момбек, З. Ахметова. – Алматы, 2006.

2. Методика музыкального образования /Сост. Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. – М.: Музыка, 2006

3. Теория музыкального образования/Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В. – М.: Академия, 2004.

4. Программа повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан, Руководство для учителя «Эффективное обучение», Руководство для учителя «Лидерство учителя в школе». АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016 г.

5. Руководство для учителя в рамках обновления содержания образования Республики Казахстан. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016 г.

6. Руководство по критериальному оцениванию для учителей начальной школы. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016 г

7. <http://nis.edu.kz/>

8. <http://ozin-ozit-anu.kz/article/show/id/19>